



ҚАУЛЫ

20.08.2026 № 229

Шұбарқұдық кенті

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

пос. Шубаркудук

**Темір ауданы бойынша сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін
ұсынылған жер учаскесінің тізбесін анықтау туралы**

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 48 бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» №297 бұйрығына сәйкес Темір ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскесінің көлемі 0,9204 га тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.
2. Сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін жер учаскесі ұсынылған және осы қаулыдан туындайтын басқа да, шараларды орындау Темір аудандық жер қатынастары бөліміне тапсырылсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Темір ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Темір ауданының әкімі



А.Жақсылықов

Саудада (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскесінің тізімін бекіту туралы

р/с	Сауданы өткізу тәсілі мен әдісі	Құқықтан айыру түрі	Жер учаскесінің алаңы (га)	Нысаналы Мақсаты	Жер учаскесінің орналасқан жері
1	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,0800	Құрылыстар мен ғимараттарды орналастыру және қызмет көрсету үшін	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Кенжалы көшесі
2	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,2500	Мал бордақылау алаңын салу үшін	Шұбарқұдық кенті
3	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,3574	Тойхана құрылысын орналастыру және қызмет көрсету үшін	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Қызылжар м.а
4	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,0100	Құрылыстар мен ғимараттарды орналастыру және қызмет көрсету үшін	Кеңияқ ауылы, Қазақтың мұнайына 100 жыл көшесі
5	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,0400	Құрылыстар мен ғимараттарды орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық кенті, Қызылжар м.а
6	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,0080	Құрылыстар мен ғимараттарды орналастыру және қызмет көрсету үшін	Кеңияқ ауылы
7	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,1750	Құрылыстар мен ғимараттарды орналастыру және қызмет көрсету үшін	Саркөл ауылдық округі, Шұбарши кенті
Жиынтығы, га			0,9204		